

"Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі кейбір мәселелер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 наурыздағы № 316 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 1381 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 қыркүйектегі № 783 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.09.2015 № 783 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі кейбір мәселелер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 наурыздағы № 316 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 14, 176-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді т а с ы м а л д а у қ а ғ и д а л а р ы н д а :

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша 1, 6 және 7-класты қауіпті жүкті тасымалдау рұқсат беру құжаты – Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсат негізінде, арнайы бейімделген автомобильмен немесе осы мақсаттар үшін арнайы қайта жабдықталған басқа да автокөлік құралдарымен жүзеге асырылады.»;

7 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

11-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) әрбір автокөлік құралына ақпараттық табло;»;

25-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) Жол қозғалысы қағидаларына және Қауіпті жүктерді халықаралық жолдарда тасымалдау туралы еуропалық келісімге (ҚЖХЖТ) сәйкес тану б е л г і л е р і м е н ж а б д ы қ т а у ; » ;

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«40. Қауіпті жүктерді тасымалдауға қатысушылар адамдардың денсаулығы мен өміріне, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмау мақсатында қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі тиісті ұйымдастыру және техникалық шаралар қ а б ы л д а й д ы .

Қауіпті жүктерді жөнелтушілердің және (немесе) тасымалдаушылардың

негізгі немесе қосымша қызметі қауіпті жүктерді тасымалдауды немесе онымен байланысты тиеу-түсіру операцияларын қамтыса, өз құрамында тасымалдау процесінің қауіпсіздігіне жауапты қызметкерлері болады.

Қауіпті жүктерді тасымалдау үшін барлық қолданыстағы маршруттардан адамдардың денсаулығы мен өміріне, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмау мақсатында тасымалдаушы қауіптілігі мейлінше төмен маршрутты тандайды.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С. Ахметов